



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

*2023 жылғы 27 сәуірдегі  
№ДС-115 хатқа*

**Құрметті депутаттар!**

Қазіргі уақытта мемлекет мүгедектігі бар адамдарға санаторий-курорттық емделуге жолдама беру түрінде көмек көрсетуді, сондай-ақ спортты дамыту бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолдау көрсету бойынша тұрақты түрде жұмыстар атқаруда.

*Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қамтамасыз етудің жалпы мәселесі бойынша*

Жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) «ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 20 сәуірдегі ҚР-ның Заңы шеңберінде тиісті өзгерістер енгізілді (2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енеді).

Енгізілген өзгерістерге сәйкес, «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы аясында облыс, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі ҚР-ның заңнамасына сәйкес, мүгедектігі бар адамдарға ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларға, сондай-ақ дене шынықтыру және спортпен шұғылдану үшін дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарына қол жеткізу үшін жағдайлар жасауды, арнаулы спорттық мүкәммал беруді қамтамасыз етеді.

Осы орайда, **бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар мен он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар** санамалап көрсетілген қызметтерді **бюджет қаражаты есебінен**, ал **үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар** көрсетілген қызметтер құнының елу пайызын төлей отырып пайдаланады.

Сондай-ақ, «ҚР мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңының 10-бабына сәйкес мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың және мүгедектігі бар балалардың санаторийлік-курорттық емделуін, мүгедектігі бар баланы санаторийлік-курорттық емдеуге алып жүретін заңды өкілдің санаторийлік-курорттық ұйымда болуын қамтамасыз етеді.

Қаржы министрлігінің ақпараты бойынша «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың 2023 – 2025 жылдарға арналған бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» заңда санаторий-курорттық емдеуге жалпы сомасы 39 359,6 млн.теңге қаражат қарастырылған, оның ішінде:

2023 жылға – 11 632,4 млн.теңге;

2024 жылға – 13 126,3 млн.теңге;

2025 жылға – 14 600,9 млн.теңге.

Сонымен қатар, **мүгедектігі бар баланы** санаторий-курорттық емдеуге **алып жүретін заңды өкілдердің** біріне **санаторий-курорттық ұйымда болу құнын** халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын санаторий-курорттық емдеу құнын өтеу ретінде берілетін кепілдік берілген соманың **70%** мөлшерінде өтеу көзделеді.

Бұдан басқа, ЖАО спортты дамыту бойынша мүгедек адамдарға қолдау көрсетеді.

«Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңының 19-бабына сәйкес, ЖАО мүгедек адамдар арасында спортты дамытуды, арнайы спорттық мүкәммал беруді қамтамасыз етеді және мүгедек адамдарға дене шынықтыру және спортпен шұғылдану үшін спорт ғимараттарына қол жеткізу үшін жағдай жасайды.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО дене шынықтыру-спорт ұйымдарымен бірлесіп спорт клубтарын, мектептерді, секцияларды ашуды, сондай-ақ мүгедек адамдарды даярлауды және олардың республикалық спорт жарыстарына қатысуын қамтамасыз етеді.

*«Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру мәселелері бойынша*

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Үкімет 2019 жылдан бастап «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде.

Жобаның мақсаты инфрақұрылымды жаңғырту есебінен ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту, оны жаңа өңірлік стандарттардың параметрлеріне жеткізу болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, ауыл тұрғындары үшін әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді іске асыру есебінен, сондай-ақ жайлы өмір сүру ортасын құру арқылы жүзеге асырылады.

2019 жылдан бастап республикалық бюджеттен жыл сайын ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын (*бұдан әрі – АЕМ*) жаңғыртуға қаражат бөлінеді.

Бұл ретте, жергілікті жобалардың тізбесін қалыптастыруды және іріктеуді облыс әкімдігі орындайды.

Осылайша, облыс әкімдіктерінің бюджеттік өтінімдеріне сәйкес 2019 жылдан 2022 жылға дейін «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында АЕМ-де дене шынықтыру-сауықтыру, спорт кешендері мен бассейндер салуға бағытталған 154 жобаны іске асыруға 51 млрд. теңге бөлінді (*оның ішінде ДШСК пен спорт кешендеріне 50 млрд. теңге сомасына 150 жоба, бассейндер салуға 1 млрд. теңгеге 4 жоба*).

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, облыс әкімдіктерінен бюджеттік өтінімдер беру кезінде «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде спорт кешендері мен бассейндердің құрылысына қаражат бөлу мәселесі бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық бюджетті кезекті қалыптастыру немесе нақтылау кезінде қарастырылатынын мәлімдейміз.

Сонымен қатар, 2022 жылға бекітілуі тиіс бюджет қаражатын дұрыс бөлмеген қызметкерлердің жауапкершілігі туралы және мұндай фактілерді болдырмау үшін шаралар алу қажеттігі бойынша, сонымен қатар, депутаттық сауалда көрсетілген Ақтөбе қаласындағы жағдайға қатысты мәселені анықтау үшін Үкімет тарапынан құзырлы мемлекеттік органдар және облыс әкімдіктеріне тапсырма берілді. Нәтижесі бойынша қосымша ақпарат берілетін болады.

Айтылғандарды қорыта келгенде, Үкімет депутаттық корпусының барлық ұсыныстарын қарауға әрдайым дайын екендігін білдіре отырып, аталған мәселе Үкіметтің тұрақты бақылауында екендігін хабарлаймыз.

**А. Көлгінов**